

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№11 хаттамасы**

**Қордай ауылы
Мәжіліс залы**

**23.06.2026 жыл
сағат 10:00**

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 8 адам.

Қатыспағандар: - 1 (*К.Ағибаева - денсаулықтарына байланысты*)- себепті, Орақбай Ж- кезекті еңбек демалысында, Апаева Т- себепсіз.

Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Шақырылғандар: 1. Қордай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы – Әбіш Азамат Әбілұлы;
2. Қордай ауданы бойынша «Мансап орталық» филиалының директоры – Копешов Саламат Берікбайұлы;
3. Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Елеусізова Ақсана Бейбітқызы;
4. БАҚ өкілдері.

Күн тәртібі:

1. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің жазғы кезеңдерде шомылу маусымы мен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған іс шараларын зерделеу туралы;
2. Халықты жұмыспен қамтудағы Қордай аудандық мансап орталығындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысын зерделеу туралы;
3. Өртүрлі мәселелер.

Н.Молдабеков:

Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныс – Бекітілсін.

Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.

Баяндамашыға 5-7 минуттан уақыт белгілейік

Сөз сөйлеушілерге - 3 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ. Онда ұсынысты дауысқа қоямын.

Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия» төрағасы – Жамангозов Бейкүт Тлебалдиевич баяндайды.

Жамангозов Б.Т. Өз сөзінде былай деді: Қордай аудандық қоғамдық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес аудан аумағында жазғы шомылу маусымындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дала өрттерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысына зерделеу жүргізілді.

I. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ:

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің мәліметіне сәйкес аудан аумағында 2026 жылғы 5 маусымдағы жағдай бойынша 21 өрт және 29 құрғақ шөптің жану фактісі тіркеліп, өрттен келген материалдық шығын көлемі 1,2 млн теңгені құраған.

Қордай ауданы әкімінің 2026 жылғы 22 сәуірдегі қаулысына сәйкес табиғи өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіліп, оның орындалуы қамтамасыз етілуде.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын, өртке қарсы ерікті құралымдарды жарактандыруды қамтамасыз етеді.

Ауданның 19 ауылдық округінде бүгінгі күнге 180 адамнан құралған 18 ерікті өртке қарсы құрылым құрылған. Аталған құрылымдар 95 бірлік техникамен қамтамасыз етілген, оның ішінде 56 трактор, 4 су тасымалдау автокөлігі және 35 өзге техника бар.

Ауылдық округтерде өрт қауіпті кезеңде тәулік бойғы кезекшілік ұйымдастырылады, сондай-ақ ерікті өрт сөндіру құрылымдарын материалдық-техникалық жабдықтау үшін аудан әкімінің резервінен қаржы бөлініп, арнайы қорғаныс киімдері сатып алынған.

Қордай ауданындағы №15 және №17 өрт сөндіру бекеттері, сондай-ақ Сортөбе, Масаншы, Бетқайнар, Ауқатты, Сарыбұлақ және Үлкен Сұлтұр ауылдарындағы өрт сөндіру бекеттері қажетті техникамен және жеке құраммен қамтамасыз етілген.

Қордай және Қарақоңыз орман шаруашылықтарында табиғи өрттердің алдын алу жөніндегі жоспарлар әзірленіп, өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша 37 ескерту аншлаптары орнатылған. Сонымен қатар жергілікті полиция қызметі мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен мобильдік топтар құрылып, рейдтік іс-шаралар жүргізілуде.

Зерделеу барысында бүгінгі күнге аудан аумағында орман және дала өрттерінің тіркелмегені анықталды.

II. ЖАЗҒЫ ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ағымдағы жылдың 1 маусым күні Қоғамдық кеңес мүшелері және Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаменті, Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғи пайдалануды реттеу басқармасының қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №34 бұйрығымен бекітілген Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидалары сәйкес аудан аумағындағы су айдындарына зерделеу жүргізілді.

Зерделеу барысында Қордай ауылындағы «Гавайи-Қордай» жаппай демалыс орны мен Бетқайнар ауылындағы «Алмаз» су қоймасы жағажайларында қауіпсіздік қағидалары талаптарының жекелеген нормаларының толық орындалмағанын анықталды.

Атап айтқанда, «Гавайи-Қордай» жағажайында құтқарушылардың рұқсат құжаттарының мерзімін жаңарту қажеттілігі, медициналық көмек көрсету пунктін талапқа сай жабдықталмауы, бақылау мұнарасының және ақпараттық стендтердің болмауы, суға секіруге арналған орындардың қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ жекелеген құтқару құралдарының жеткіліксіздігі анықталды.

Ал «Алмаз» су қоймасы жағажайында құтқарушылардың біліктілігін растайтын құжаттардың болмауы, медициналық пункттің толық жабдықталмауы, алғашқы медициналық көмек көрсететін қызметкердің қарастырылмауы, балаларға арналған арнайы шомылу аймағының жабдықталмауы, бақылау мұнарасы мен ақпараттық стендтердің болмауы, акватория шекараларының белгіленбеуі және бірқатар құтқару құралдарының жеткіліксіздігі анықталды.

Аталған кемшіліктер бойынша Қордай аудандық қоғамдық кеңесі тарапынан ауылдық әкімдіктеріне және демалыс орындарының әкімшіліктеріне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №34 бұйрығымен бекітілген Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидалары талаптарын толық сақтау мақсатында тиісті ұсынымдар берілді.

Нәтижесінде бүгінгі күнге жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдайлар бөлімімен зерделеу нәтижелері бойынша берілген ұсынымдар толық орындалып, анықталған кемшіліктер жойылған.

Жоғарыдағыларды баяндай келе Қордай аудандық қоғамдық кеңесі жауапты мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілген жұмысты оң бағалай отырып, жазғы шомылу маусымы кезеңінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстауды және профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды ұсынады.

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Осы мәселе бойынша Қордай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы – Әбіш Азамат Әбілұлы сұрақтарға жауап береді.

Әбіш А: Қордай ауылындағы «Гавайи-Қордай» жаппай демалыс орны мен Бетқайнар ауылындағы «Алмаз» су қоймасы жағажайларында қауіпсіздік қағидалары талаптарының жекелеген нормаларының толық орындалмағаны, «Гавайи-Қордай» жағажайында құтқарушылардың рұқсат құжаттарының мерзімін жаңарту қажеттілігі, медициналық көмек көрсету пунктінің талапқа сай жабдықталмауы, бақылау мұнарасының және ақпараттық стендтердің болмауы, суға секіруге арналған орындардың қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ жекелеген құтқару құралдарының жеткіліксіздігі, «Алмаз» су қоймасы жағажайында құтқарушылардың біліктілігін растайтын құжаттардың болмауы, медициналық пункттің толық жабдықталмауы, алғашқы медициналық көмек көрсететін қызметкердің қарастырылмауы, балаларға арналған арнайы шомылу аймағының жабдықталмауы, бақылау мұнарасы мен ақпараттық стендтердің болмауы, акватория шекараларының белгіленбеуі және бірқатар құтқару құралдарының жеткіліксіздігі, аталған кемшіліктер бойынша зерделеуден кейін кемшіліктер түзетіліп, әрі қарай да тұрақты бақылаулаға алынатынын айтты.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз бар ма? Бар.

Батыров Қ: Таможня бекетінің қасындағы «Мирас» заправкасында ешқандай өртке қарсы жұмыстар жүргізілмейді, темекі тартылады, егерде өрт болса, таможня, жанындағы адамдар тұратын тұрғын үйлер және тағы басқа да нысандар зардап шегеді, - деді.

Әбіш А: Біздер бұл мәселені өздіктен шеше алмайтынын, тексеріс жүргізе алмайтынын алға тартты, прокуратураның бақылауында тұрғанын баяндады. Үлкен бизнестерге рұқсат берілген деді.

Жамангозов Б.Т. Бұл мәселе тұралы әкімдікке, маслихатқа жеткізгенін хабарлады. Осы мәселе бойынша құқықты орган прокуратураға хат жазуды ұсынды.

Н.Молдабеков: Ұсыныс қабылданды.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Н.Молдабеков: Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Жамангозовтың анықтамасы назарға алынсын.

2. Қордай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Б.Амиралиевке:

2.1. Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес аудан аумағындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, табиғи және дала өрттерінің алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмыстарды тұрақты негізде жалғастырылсын;

2.2. Өрт қауіпті кезеңде ауылдық округтердегі ерікті өртке қарсы құрылымдардың материалдық-техникалық жарақтандырылуына тұрақты мониторинг жүргізіп, олардың дайындығын қамтамасыз ету жөнінде аудан әкімдігіне тиісті ұсыныстар берілсін;

2.3. Аудан аумағындағы су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында патрульдеу және профилактикалық жұмыстарды шомылу маусымы аяқталғанға дейін тұрақты жүргізілсін;

2.4. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе су айдындарында адамдардың қаза болуының алдын алу мақсатында тұрғындар арасында, әсіресе балалар мен жасөспірімдерге қатысты түсіндіру және ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізілсін;

2.5. Демалыс орындары мен жағажайларда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №34 бұйрығымен бекітілген Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидалары талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізу ұсынылсын.

3. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың шілде айының 31-не дейін жолдансын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Н.Молдабеков:

Күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия » төрайымы – Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына баяндайды.

Алматаева А.Т.: Өз сөзінде былай деді: Аудандық Қоғамдық кеңестің 2026 жылға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың маусым айында «Еңбек мобильдігі орталығы» КММ Қордай ауданы бойынша мансаптық орталық филиалының атқарылып жатқан жұмыстарына қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегілер анықталды:

Филиал директоры Копешов Саламат Берікбайұлы.

Орталық-Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін басшылыққа ала отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін, азаматтарға жұмыс табуға, кәсіптік бағдар алуға және әлеуметтік қолдау шараларын алуға көмектесетін мемлекеттік мекеме. Штат саны-39, оның ішінде: 1 директор, 4 сектор басшысы, 14 маман, 5 кеңесші, 8 көмекші, 7 техникалық жұмысшы.

2026 жылдың 01 маусымына 4180 адам жұмыспен қамту мәселесі бойынша қайырылған, оның ішінде 1731 азамат әлеуметтік қорғау шараларымен қамтылған және ресми түрде жұмыссыздар есебінде 2550 азамат тұр.

Оның ішінде:

Ваканттық бос жұмыс орындарына 986 азамат жолданды, жылдық жоспар 2817 адамды құрайды.

Қысқа мерзімді кәсіби оқумен қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылы жұмыссыздарды жұмыс берушілердің сұранысы бойынша барлығы 115 адамды оқыту жоспарланған. Оның ішінде оқу ұйымдарында 70 азаматты және 45 азаматты жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру жоспарланған. Ағымдағы жылдың маусым айында оқудың басталуы жоспарлануда.

Сонымен қатар, 284 азаматты онлайн оқыту жоспарланды, бүгінгі күнге 219 адам жолданып 200 адам оқуын аяқтады.

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқытудың жоспары 543 адамды құрайды, бүгінгі күнге 71 азамат оқуға жолданды.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты 70 адамға беру жоспарланған. 1 лек ағымдағы жылдың маусым айының аяғында басталады.

2026 жылы қоғамдық жұмыстарға 400 адамды жолдау жоспарланды.

Бүгінгі күнге 349 адам жұмысқа жолданды.

Жастар практикасына 230 адамды жолдау жоспарланды. Бүгінгі күнге 39 адам жастар практикасына жолданды.

Әлеуметтік жұмыс орындарына 25 адамды жолдау жоспарланды. Бүгінгі күнге 24 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жолданды.

«Күміс жас» жобасы бойынша 60 азаматты жұмыспен қамту жоспарланған. Бүгінгі күнге аталған жоба бойынша 43 адам жұмысқа жолданды.

Солтүстік өңірлерге қоныс аудару бойынша ауданда жұмыстар жалғасын табуда. Жұмыс күші тапшы облыстарға қоныс аудару тақырыбында аудан тұрғындары арасына насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күнге барлығы 6 отбасы 12 адам қоныс аударды. Оның ішінде Павлодар облысына 4 отбасы 7 адам, Солтүстік Қазақстан облысына 2 отбасы 5 адам.

Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильдігі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қордай ауданы бойынша Мансап орталығы 2026 жылдың қаңтар айына мемлекеттік қолдауларды тұрғындар арасында насихаттау және атқарылып жатқан жұмыстарды жарнамалау бойынша 2026 жылға іс-шаралар жоспары бекітіліп, орындалуда. Мамыр айына әлеуметтік желілер арқылы 54 және телеарна арқылы 2 ақпарат жарияланды.

Қордай ауданы бойынша Мансап орталығында тұрғындар үшін арнайы хабарландыру-27, қайтарымыз мемлекеттік грант иегерлері бойынша фото немесе бейнеролик-3, жұмыспен қамтудың белсенді шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары-1, және телеарна-2, ашық есік күні -1, бос жұмыс орындар жәрмеңкесі - 5 рет өтті. Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарға консультативтік-кеңес -1 рет өтті.

Жамбыл облысы әкімдігінің 2026 жылы 17 ақпандағы «2026 жылға Қордай ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» №33 Қаулысына сәйкес азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында аудан бойынша 1 мекемеде 4 жұмыс орындарына квота бекітілді. Оның ішінде:

2026 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары (*«Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жөніндегі кәсіпорыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынына – 4 жұмыс орны*) квота белгіленді;

2026 жылы 15 азамат қайырылды, оның ішінде 13 азамат пробация қызметі есебінен және бас бостандығынан айыру мекемесінен 2 азаматтың хабарламасы келді.

Бүгінгі күнге пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына бекітілген квота толығымен орындалып, *«Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жөніндегі кәсіпорыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынына* 4 адам жолданды. Сонымен қатар, тұрақты жұмыс орындарына 2 адам, ақылы қоғамдық жұмыстарға 1 адам жұмысқа жолданды, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген 1 адам, өз бетінше тұрақты жұмысқа орналасқандар 2 адам, көшіп кеткен 1 адам, жұмыс қарастырылуда 2 адам.

Қордай ауданы бойынша бас бостандығынан айыру мекемесінен шыққан 1 адам ауданнан көшіп кеткен, 1 ұсынылған жұмыстардан бас тартқан.

Қордай аудандық Мансап орталығының 5 айда атқарған жұмысын қорытындылай келе, облыс әкімі мен аудан әкімінің индикаторына кіретін тұрақты жұмыс орындарына орналастыру

көрсеткіші төмен болып тұр. Бұл мәселе ауданның барлық жұмыс берушілерінің жұмысқа адамдарды өз беттерінше бейресми түрде қабылдауы деп түсінеміз.

Мансап орталығының күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстарына қарамастан, атап айтсақ аудандағы жұмыс берушілер мен Мансап орталығының арасындағы меморандум, газетке берілген хабарландыруларға, күнделікті инстаграмм желісіне жарияланып жатқан хабарландыруға, ай сайын өткізіліп жатқан бос жұмыс орындар жәрмеңкелерінің ұйымдастырылып жатқандығына қарамастан тұрақты жұмысқа Мансап орталығына бос жұмыс орындар бойынша жұмыс берушілер тарапынан ақпарат берілмейді.

Осы мәселені реттеу үшін жұмыс беруші бос жұмыс орны пайда болғанда, жұмыссыз азаматты Мансап орталығы арқылы алуын заң жүзінде міндеттеу керек.

Сонымен қатар, жастар практикасының жоспары көп болғанымен, баратын жастардың аздығы, жастар практикасының айлығының аздығынан жастар басқа қолма қол төлейтін бейресми жұмыстарға (даяшы, сатушы, т.б.) баруда, қалаларға кетуде. Жалақы мәселесін қарастыру керек.

Қордай аудандық Мансап орталығының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары қажет (ғимараттың шатырын ауыстыру, тоқ жүйесін ауыстыру, т.б.), қызметкерлердің жұмыс жағдайын жасау мәселесін қарастыру өте маңызды.

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жок.

Н.Молдабеков: Осы мәселе бойынша тиісті бөлім басшылары сұрақтарға жауап береді.

Копешов С: облыс әкімі мен аудан әкімінің индикаторына кіретін тұрақты жұмыс орындарына орналастыру көрсеткіші төмен болып тұр. Бұл мәселе ауданның барлық жұмыс берушілерінің жұмысқа адамдарды өз беттерінше бейресми түрде қабылдауы, аудандағы жұмыс берушілер мен Мансап орталығының арасындағы меморандумның орындалмауы және де баяндамада көтерілген кемшіліктер қабылданды. Осы тұрғыда жұмыстар атқарылып жатыр, жастар тәжірибесі бойынша индикатор орындалады, қысқа мерзімде оқу индикаторы да орындалатын болады. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқытуды бойынша жұмыстар атқарылатын болады.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Н.Молдабеков: Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жок. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2- қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. «Еңбек мобильдігі орталығы» КММ Қордай ауданы бойынша мансаптық орталық филиалының директоры С.Копешовтың есебі назарға алынсын;
2. «Еңбек мобильдігі орталығы» КММ Қордай ауданы бойынша мансаптық орталық филиалының директоры С.Копешовке:

- Азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту, субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру, жастар тәжірибесі, қоғамдық жұмыстар, алғашқы жұмыс орны және кәсіпкерлікті қолдау бағыттарында атқарылған жұмыстарын жандандырсын;
- Мемлекеттік бағдарламалардың, оның ішінде қысқа мерзімді кәсіби оқумен, «Бастау Бизнес» жобасы, басқа бағдарламалар бойынша жоспарлары міндетті түрде орындалсын;
- Бос жұмыс орындар бойынша жұмыс берушілермен байланысты күшейту ұсынылсын;
- Аудан тұрғындарының әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сапалы орындалуы ұсынылсын;
- Филиал директоры құзыреті шегінде өзекті мәселелерді уақытында шешу тапсырылсын;

- Қордай аудандық Мансап орталығы ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу ұсынылсын;
- Тұрғындарға БАҚ арқылы жарнамалар беру күшейтілсін;
- Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші қазанға берілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрайымы – А.Алматаева).


Н.Молдабеков: Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобасы талқыланды. Сіздерге көп рахмет. Шілде айында қоғамдық кеңес мүшелеріне демалыс жарияланады. Жұмыс уақыты тамыз айының 1-нен басталады.

Әр түрлі мәселелер бойынша тамыз айында зерделеу жұмыстары:

1. Аудан бойынша мекемелердің жылыту маусымына дайындық (қатты отын, газ, т.б.) бағытында атқаралып жатқан жұмыстардың барысы туралы (*Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының есебі*) – Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия төрайымы – Агибаева Кенжекуль Туменбаевнаға тапсырылады;
2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Кенен ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу туралы - «Бюджет, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына тапсырылады;
3. Аудан әкімдігінің өнеркәсіп және кәсіпкерлік бөлімінің атқарған жұмысын зерделеу – «Бюджет, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына тапсырылады;


Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева